

Шаруа қожалықтарын одан әрі дамыту мен қолдау жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 9 қыркүйек 1993 ж. N 857. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.19. N 331 қаулысымен. ~P020331

Шаруа қожалықтарын нығайту мен дамытуға, олардың жұмысының тиімділігін арттыруға ерекше маңыз бере отырып, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1137 U931137 _ Жарлығына сәйкес және 1993 жылғы 23 сәуірде өткен шаруа қожалықтары өкілдерінің республикалық кеңесінде іс жағдайын талқылауды ескере келіп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қаулы етеді:

1. Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті қабылданған заңдарға қатаң сәйкес шаруа қожалықтарын дамыту мен нығайтуға ұдайы жәрдемдесіп отырсын.

2. Жергілікті әкімдер ауыл шаруашылығының және мемлекеттік өкімет пен басқарудың басқа да органдарымен бірге, ғалымдар мен шаруа қожалықтары ассоциацияларының өкілдерін тарта отырып, әрбір облыс пен ауданның ерекшелігін ескере келіп, шаруа қожалықтарын дамыту мен қолдаудың аймақтық бағдарламаларын екі ай мерзім ішінде жасап, бекітсін. Бұл ретте шаруа қожалықтарының жер учаскелерін ұтымды да жинақы қалыптастыру, қолда бар әлеуметтік сала, сервистік қызмет көрсету, өнімдерді ұқсату мен өткізу объектілерін дамыту мен пайдалану мәселелеріне ерекше назар аударылсын.

3. Әкімдерге шаруа қожалықтарын қолдау мен дамыту үшін, сондай-ақ шаруаларға бөлінген жерлерге жол жүйесін, электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және байланыс құралдарын орналастыру үшін жергілікті бюджеттерден қосымша қаражат көздеу ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Агро" шаруа қожалықтары ассоциациясының қатысуымен:

ақшаның құнсыздануын, энергия көздерінің, өнеркәсіп өнімдерінің қымбаттауы мен көрсетілетін қызмет тарифінің өсуін ескеріп бюджет жобаларында жыл сайын шаруа қожалықтарын дамытуға қаражат бөлінуін

көздесін;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне шаруа қожалықтарына салық салуда қосымша жеңілдіктер беру жөніндегі заңдардың кейбір ережелеріне өзгерістер енгізуді және олар үшін кредит ресурстарын жеке бөліп қарайтын ұсыныстар енгізісін.

5. Шаруа қожалықтарын дамыту мен қолдауға бюджеттен бөлінген қаражатты үлестіруді республикалық "Агро" ассоциациясы жүзеге асырады деп белгіленсін. Олардың нысаналы пайдалануына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен "Агро" шаруа қожалықтары ассоциациясына жүктелсін.

6. <*>

Ескерту. 6-тармақ алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.06.09.

№ 809 қаулысымен.

7. Шаруа қожалықтарының Республикалық кеңесіне қатысушылардың "Қазақстан фермері" қоры мен шаруа банкін құру жөніндегі ұсынысына қолдау білдірілсін.

8. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Республикалық "Қазагроөнеркәсіптехника" бірлестігіне мемлекеттік агрохимиялық, агрономдық және мал дәрігерлік қызметтер жүйесі бойынша техниканы жалға беру пункттерін, дүкендер, машина-трактор стансаларын (шағын МТС) және басқа да қызмет көрсету кәсіпорындарын құру жүктелсін.

9. "Агро" шаруа қожалықтары ассоциациясына Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясымен, басқа да министрліктермен және ведомстволармен бірге;

шаруа қожалықтары, олардың ассоциациялары мен одақтары үшін кадрлар даярлауды үйлестіру мен оған ғылыми-әдістемелік басшылық жасауды;

селолық кәсіптік-техникалық училищелердің, техникумдардың, жоғары оқу орындарының негізінде фермерлерді даярлау мен қайта даярлау жөніндегі мектептер мен курстар ұйымдастыруды;

прогрессивті технологиялар мен ғылыми талдамаларды қолдану жөніндегі эксперименттік шаруа қожалықтарын құру мен ұйымдастыруды;

республика және шет елдерде ауылшаруашылық өндірісі мен фермерлік шаруашылықты жүргізудің озық тәжірибесін насихаттау мен үздіксіз зерделеуді;

фермерлік шаруашылықтарды жүргізу жөніндегі тәжірибесін ортаға салу үшін шетелдік сарапшылар мен фермерлерді тартуды, сондай-ақ республиканың шаруа қожалықтары мүшелерінің басқа елдердің фермерлерінде тағлымдамадан өткізілуін ұйымдастыруды жүзеге асыру ұсынылсын.

10. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Жер қатынасы және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, "Агро" шаруа қожалықтары ассоциациясы шаруалар қозғалысының

озық тәжірибесі мен проблемаларын бұқаралық ақпарат құралдарында ұдайы жариялап отыруды ұйымдастырсын.

11. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімдеріне, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне және "Агро" шаруа қожалықтары ассоциациясына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК